

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ АҚША-КРЕДИТ
САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

Зейнула Рамазан Болатұлы

Zeinula.ramazan@mail.ru,

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- э.ғ.к., профессор Мажитов Д.М.

Қазақстан Республикасының ақша кредит саясатын жүзеге асыратын негізгі мемлекеттік орган болып Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болаып табылады. Қазақстан Республикасының ҰБ-нің ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты болып: ұлттық валютаның тұрақтылығын, оның төлем қабілеттілігі және басқа шетел валюталарына қатысты тұрақтылығын қамтамасыз етуді көздейді. Ақша-кредит саясаты – бұл айналыстағы ақша массасын, несие көлемін, сыйақы мөлшерлемесін өзгертуге жалпылай алғанда банк жүйесінің қызметін реттеуге бағытталған шаралар жиынтығы. Ұлттық Банк осы ақша-кредит саясатында негізгі макроэкономикалық субъектісі болып саналады. Ал осы саясаттағы Ұлттық Банк тарапынан реттелетін негізгі объектілері қолма-қолсыз ақша және қолма-қол ақша массасының жиынтығы болып табылады. Негізгі шаруашылық конъюктуралық жағдайға байланысты ақша-кредит саясатының негізгі екі типі болады:

1. Рестрикциялық ақша-кредит саясаты;
2. Экспансиондық ақша-кредит саясаты.

Рестрикциялық ақша-кредит саясаты – бұл саясат екінші деңгейлі банктердің кредиттік операциялар көлемін қысқартуға немесе шектеуге және қатаң шарт жасауға, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін арттыруға бағытталатын шаралар жиынтығы болып табылады. Экспансиондық ақша-кредит саясаты – сәйкесінше бұл саясат несие беру көлемін арттырумен немесе кеңейтумен, ақша массасының өсуіне бақылаудың әлсіздігімен, және де сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуімен байланысты шаралар жиынтығы. Қазіргі таңдай ақша кредит саясатының басты мақсаты болып: инфляцияны төмендету мен теңгенің, яғни ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету үшін ҚР Ұлттық банкі қатаң тәртіпте ақша-кредит саясатын жүргізу үстінде. Заңға сәйкес Ұлттық Банк мынадай ақша-кредит саясатының негізгі құралдарының қолдану көмегімен реттеледі:

- мемлекеттің бағалы қағаздарын сатып алу және сатуы бойынша ашық нарықтағы операцияларды жүргізу;
- сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу немесе тағайындау;
- банктерге және үкіметке несиелер беру;
- ең төменгі міндетті резервтер нормасын белгілеу;
- кейбір жағдайларда, несиелік операциялардың жекелеген түрлерінің деңгейі мен көлеміне тікелей сандық шектеулер енгізу;
- валюталық интервенциялау;

Бүгінгі таңда жоғарыда аталған жалпы құралдардың ішінде практикалық іс жүзінде қолданылып жатқандар, олар: ашық нарықтағы операциялар, ресми сыйақы мөлшерлемелері, қысқа мерзімді ноттарды эмиссиялау [1].

Өзінің жүргізетін операциялары бойынша Ұлттық Банк мынадай ресми сыйақы мөлшерлемелерді белгілейді:

- ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі;
- ресми есептік (дисконттық) мөлшерлемесі;
- РЕПО және кері РЕПО операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемесі;
- “овернайт” займдары бойынша сыйақы мөлшерлемесі;
- күндізгі займдар бойынша сыйақы мөлшерлемесі.

Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі негізінен ақша нарығының жалпы жағдайына несиелер бойынша ұсыныс пен сұранысқа, инфляция мен күтілетін инфляция деңгейіне қатысты белгіленеді. Ұлттық Банк Басқармасының қаулыларымен, ҚР Президент актілерімен, ҚР ҰБ заң актілерімен жүргізілетін қарыз(заем) операциялары бойынша қолданылады. Ресми есептік (дисконттық) мөлшерлемесі – Ұлттық банктің коммерциялық вексельдерді қайта есепке алу операцияларында қолданылады және ақша нарығының жалпы жағдайына, несиелер бойынша сұраныс пен ұсыныс көлеміне байланысты белгіленеді. Бұл мөлшерлеме(дисконттық) негізінен жылдық пайыздық мөлшерлеме болып табылады, және де ол айналыс мерзімі алты айлық вексельдерді қайта есептеуде арналған.

РЕПО, кері РЕПО операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелері – жылдық пайыздық мөлшерлемелер болып қарастырылады. Жалпы ішкі қаржы нарығының жағдайына байланысты белгіленіп, мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуде қолданылады. РЕПО-ның мақсатты мөлшерлемесінен ауытқу жағдайында ақшалай қаражаттарды орналастыру не болмаса тарту жолымен РЕПО нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерді реттеу арқылы сыйақы мөлшерлемелердің елеулі ауытқуын болдырмау болып табылады [2].

Ашық нарықтағы операциялар –ҚР ҰБ айналыста жүрген ақша массасының көлемін реттеу үшін екінші реттік нарықтағы мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу немесе сатумен байланысты операциялар. Бұл коммерциялық банктердегі өтімділікті және несиелік үдерістерді реттеудің тиімді әрі ыңғайлы әдістерінің бірі болып саналады. Оның негізгі қызметі ақша эмиссиясын тоқтату арқылы банктердің несиені эмиссиялауын азайтуды білдіреді. Ұлттық банк нарықта бағалы қағаздарды сатып алушыларға сату арқылы олардың резервтік шоттарынан тиісті соманы ұстайды. Керісінше үдерісте, банктерге несиелер беру және ақша шығаруды ынталандыру үшін Ұлттық банк бағалы қағаздарды сатып алады да, қажетті соманы банктердің резервтік шотына қайта аударады.

Соңғы жылдары несиелеу және қаржыландыру операцияларына қатысты Ұлттық банктің алдағы уақытта классикалық қызмет әдісіне жақындауына байланысты тиісті шаралар қолданылды. Бүгінгі таңда коммерциялық банктерге несиелер беру тек қана олардың өтімділігін сақтау үшін жүзеге асырылады. Бюджеттің тапшылығын жабу үшін Үкіметке несиелер беру Ұлттық банктің республикалық бюджетті несиелеуден бас тарту мақсатында жүргізілді. Ұлттық Банк беретін несиелерді орналастыру аукцион арқылы, банктер аралық нарық арқылы, және де ломбардтық несиелеу арқылы жүзеге асырылады. Ұлттық банктің валюталық интервенциясы – ұлттық валютаның бағамына әсер ету мақсатында Орталық банктің шетел валютасын сатып алу және сату жолымен валюта нарығындағы операцияларға араласуын айтады. Валюталық интервенция Ұлттық Банктің кез келген биржа және кез келген банктер арқылы кез келген мәміле негізінде жүзеге асырылады. Біздің елімізде валюталық интервенция алтын валюта резервтері есебі негізінде жүзеге асырылу үстінде. Теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында алтын валюта резерві құрылады, және мыналардан тұрады:

- құйма алтын;
- Ұлттық банктің шотындағы банкнота және монета түріндегі шетел валютасындағы қаражат қалдықтарынан;
- валюта құндылықтарынан;
- басқа да сыртқы актив көздерінен.
- шетел валютасындағы жәй және аудармалы вексельдерден;
- халықаралық қаржы ұйымдар шығаратын бағалы қағаздарынан не болмаса шет елдердің үкіметтерінің бағалы қағаздарынан.

Алтын валюта резервін көбейту және құрылымын өзгерту келесідей жолдармен жүзеге асырылады:

- монетарлық алтынды сатып алу;
- резидент емес жақтардан немесе резиденттерден, және ҚР Үкіметінен теңгеге шет валютасын сатып алу;

- депозиттік салымдардан, шетел валюталары арқылы дилингтік операциялардан түсетін комиссияндық және басқа да сыйақы түріндегі түсімдер;
- Ұлттық банктің платина, күміс, алтын және басқа металлдармен жасалатын операция негізінде түсетін валюталық түсімдер ;
- Ұлттық Банктің ақпараттық, кеңес беру және басқа қызметтерінен түсетін шетел валютасындағы түсім.
- Алтын валюта резервінің кемуі және жұмсалуды мына жолдармен іске асырылады:
- ақша-кредит саясатын жүргізу үшін ішкі валюта нарығында валютаны сату;
- өнімдердің, қызметтердің және жұмыстардың импортына төлеу үшін тенгені шетел валютасына конвертациялау, сонымен бірге шет елдерде дипломаттық және басқа да өкіліттіліктерді ұстау мен іс сапар шығыстарына, Ұлттық Банктің сметасы және мемлекеттік бюджеттің есебінен сыртқы қарыздарға қызмет көрсету үшін ;
- өзге шетел валютасын алу үшін шетел валютасын сату;
- Ұлттық Банк алған несиелері негізінде негізгі соманы және сыйақыны қайтару;
- пайда болған провизиялар есебінен (резервтер) зиянды немесе артық валюта активтерді азайту [3].

Ақша-кредит саясатының құралдары әртүрлі болып келеді. Ақша-кредит саясатының тікелей және жанама құралдары болып бөлінеді. Егер тікелей құралдар әкімшілік шаралар болса, жанама құралдар нарықтың реттеуіне негізделген шаралар болып табылады. Тіркеу есебі капитал нарығында мемлекеттік ықпал етудің жедел құралы (жыл ішінде бірнеше рет өзгеруі мүмкін). Тіркеу есебі кредиттік және депозиттік пайыздық мөлшерлемелер бойынша негіз болып табылады, және тіркеу есебінің мөлшерлемесінің өзгеруі арзанға немесе, керісінше, орталық банктерден банктерге берілетін кредиттік қаражаттың өсуіне әкеліп соғады (кредиттік ресурстардың ұсынысын азайта немесе ұлғайта отырып) және осылайша банктер үшін несиеге сұранысты да реттейді. Ақша-кредит саясатын қолдану кезінде қарастыратын стандартты құралдар/

Есеп айырысу ставкасына назар аударатын отырып, банктер өз несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерін және депозиттер бойынша салымшыларға төленген пайыздарды анықтайды. Есеп айырысу ставкасы мөлшерлемесінің ұлғаюы «қымбат ақша» саясаты болып табылады, және коммерциялық банктер тарапынан ақшаның құнын көтеру кезінде Ұлттық Банктегі коммерциялық банктердің несиелерін алуға шектеулерге әкеледі. Соның салдарынан экономикаға несие берудің төмендеуі байқалады, бұл өндірістің өсуін азайтуға алып келеді. Есеп айырысу ставкасы мөлшерлемесін төмендету «арзан ақшаның» саясаты болып табылады және кредиттік операциялардың көлемі мен экономикалық дамудың өсуіне ықпал ететін фактор болып табылады [4].

Ақша массасын пайыздық ставкалардың өзгеруімен бақылауға болады. Пайыздық мөлшерлемелердің ұлғаюы, несие құнының өсуі ақша қаражаттарының қалдықтарының азаюына, қарыз алудың төмендеуіне әкеледі, бұл төлем құралдарына деген қажеттілікті азайтуға алып келеді, алайда бұл ақша айналымын ұлғайтуға қосымша ынталандырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Иришев Б.К. Денежно-кредитная политика: концепция и механизм. Алматы: Чылым, 2009. -368б.
- 2 Деньги. Кредит. Банки. Ценные бумаги : практикум Е. Ф. Жуков, 2013. – 310б.
- 3 Мақыш С.Б. Ақша, несие, банктер теориясы. Оқулық. – Алматы:2006. –27б.
- 4 Экономикалық теория. С.Әкімбеков, А.С. Баймұхаметова, У.А. Жанайдаров. Астана, 2012 ж., 14-б.